

**Кушанова Айнур Нурасловнаның
«8D02304 - Филология» білім бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған «М. Әуезов
шығармаларының лингвомәдени және когнитивті аспектілері»
тақырыбындағы диссертациясының**

АҢДАТПАСЫ

Диссертация тақырыбының сипаттамасы. Диссертациялық жұмыс М. Әуезов шығармаларын лингвомәдени және когнитивті аспектіде зерттеуге арналған. Көркем шығарманы лингвомәдени аспектіде зерттеу жазушы қолданған тілдік бірліктердің астарындағы мәдени мағыналарды тауып, олардың тілдік санада мәдени код ретінде тұрақтанғанын көрсету және сол кодты сәтті ашу көркем дискурстың жүзеге асуын меңзейді деген сияқты мәселелерді қамтиды. Лингвомәдени көзқарас мәдени концептілерді зерттеуге бағытталған, бұл олардың ұжымдық санада қалыптасқан мәнін түсінуге, дамуына жеке адамдардың мәдени, тілдік немесе әлеуметтік тәжірибесі әсер еткен құндылықтар жүйесін анықтауға көмектеседі.

Көркем шығарманы когнитивті аспектіде зерттеу – қазіргі тіл біліміндегі антропоцентристік парадигма аясында қалыптасқан бағыттардың бірі. Бұл бағытта көркем мәтін тек тілдік немесе әдеби туынды ретінде емес, адамның ойлау жүйесін, мәдени тәжірибесін, дүниетанымын бейнелейтін когнитивті құрылым ретінде қарастырылады. Когнитивті лингвистика көркем мәтіннің құрылымдық, мағыналық және прагматикалық қабаттарын адамның танымымен байланыстыра отырып, мәтінді тереңінен түсінуге мүмкіндік береді.

Зерттеудің өзектілігі. Көркем-эстетикалық шығармашылық қазіргі гуманитарлық парадигмада жалпыадамзаттық мәдениеттің бір түрі болып саналады. Көркем мәтін осы тұрғыдан алғанда қоршаған шындық дүние үзіктерін және адамның рухани дүниесін бейнелейтін мәдени феномен болып шығады.

Көркем туындының авторы ұлттық өзіндік сананың бір бөлшегі бола тұра, тілдік санасын қалыптастыру үдерісінде дүниенің ұлттық тілдік бейнесінің аспектілерін меңгереді. Қазіргі ғылымдағы тілдің антропоөзектік бағыты зерттеушілерді тілдік сананы жеке тұлғаға тән құбылыс ретінде және тіл қолданушы халықтың ұлттық мәдениетімен байланыста зерттеуге бұрып отыр.

Зерттеудің өзектілігі тілдегі және мәтіндегі ұлттық мәдениеттің көрінісіне, оның концептілер арқылы берілу тетіктеріне, көркем мәтінді жасаушы жазушының тілдік тұлғасы мен өзіндік идиостилін анықтауға деген қызығушылықтардың артуымен анықталады. Қазіргі тіл білімінде тілдік сананың ерекшеліктеріне және оның көркем мәтіннің әртүрлі деңгейлерінде мәдени кодтар арқылы көрініс табатынына назар аударылып отыр. Көркем шығарманы лингвомәдени талдау арқылы концептілердің астарында жасырынған ұлттық-мәдени ерекшелікті анықтау, мәтіннің когнитивті-семантикалық ұйымдасуын тірек концептілердің символдық мағынасын талдау арқылы көрсету өз өзектілігін

жойған жоқ.

Көркем шығармадағы ұлттық дүние бейнесі мен авторлық дүние бейнесін салыстыру арқылы жазушының өзіндік қолтаңбасын анықтау да бүгінгі күні маңызды болып отыр.

Қазақ тіл білімінде көркем шығарма тілі құрылымдық-жүйелілік парадигма аясында біршама зерттелгенімен, қазақ тілінің рухани-мәдени феномені ретінде танылатын классикалық жазушылар тілі антропоэзектік бағыттың идеялары мен тұжырымдары негізінде, аталған бағыттың әдіс-тәсілдерін қолдана отырып жүргізілген зерттеулер саны аз. Әсіресе, қазақтың классикалық жазушысы, шағын әңгіме жазудың шебері М. Әуезов шығармалары лингвомәдени және когнитивті аспектіде арнайы зерттеу нысаны болмағаны таңдаған тақырыбымыздың өзектілігін айқындайды.

Зерттеудің мақсаты. М. Әуезов шығармаларын лингвомәдени және когнитивті аспектіде зерттеудің әдістемелік қадамдарын ұсына отырып, жазушы шығармаларыны талдау, көркем шығармадағы ұлттық дүние бейнесі мен автордың идиостилін анықтау.

Зерттеу барысында аталған мақсатқа жету үшін төмендегідей **міндеттерді** шешу көзделді:

1) концепт, тілдік концепт, көркем концепт, мәдени концепт ұғымдарын анықтау;

2) көркем шығарманы лингвомәдени аспектіде зерттеудің теориясы және әдістемесіне шолу жасау, зерттеу үлгісін ұсыну;

3) көркем шығарманы когнитивті аспектіде зерттеудің теориясы мен әдістемесін зерделеу, көркем мәтінді лингвокогнитивті талдау әдістемесін анықтау;

4) М. Әуезовтің «Көксерек», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман», «Қорғансыздың күні» шығармаларындағы мәдени кодтарды анықтау, оларды лингвомәдени талдау;

5) Көркем мәтіннің когнитивті-семантикалық ұйымдасуын анықтап, лингвокогнитивті талдау жасау;

6) Көркем шығармадағы ұжымдық дүние бейнесі мен авторлық дүние бейнесін салыстыру, автордың идиостилін анықтау.

Диссертацияның **зерттеу нысаны** – М. Әуезовтің «Көксерек», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман», «Қорғансыздың күні» шығармаларының мәтіні.

Зерттеу пәні. Жазушы шығармаларының лингвомәдени және когнитивті-семантикалық ұйымдасуындағы ерекшеліктер.

Зерттеу жұмысының **теориялық және әдістемелік негізі.** Зерттеу жұмысының **теориялық және әдістемелік негізін** тіл білімінің жалпы мәселелері V. Humboldt, Yu.M. Lotman, Sh. Bally, семиотика Р.Барт, М.А. Кронгауз, мәтін теориясы бойынша Ю.М. Лотман, Н.А. Вишневецкая, В.Г. Гак, И.Р. Гальперин, көркем мәтінді лингвомәдени аспектіде зерттеу Ю.М. Лотман, Ш.И. Квициния, З.А. Заврумов, Р.Р. Замалетдинов, З.Ю. Басте, З.Б. Хожиева,

Н.А. Николина, З.Р. Ахметзадина, көркем мәтінді когнитивті аспектіде зерттеу Л.Г. Бабенко, И.Е. Васильев, Ю.В. Казарин, О.А. Фещенко, Н.С. Болотнова, Н.А. Кузьмина, Л.П. Бабушкин, С. Х. Ляпин, лингвомәдени зерттеулер В.Н. Телия, Е.М. Верещагин, В.Г. Костомаров, В.А. Маслова, Г.Р. Галиуллина, А.Д. Арутюнова, Ю. С. Степанов, А. Вежбицкая, М.М. Маковский, В.В. Красных, В.В. Воробьев, Л.Г. Саяхова, С.В. Иванова, Л.К. Муллағалиева, В.И. Карасик, Л.Х. Самситова, Н.Г. Брагина, лингвокогнитивті зерттеулер R.W. Langacker, C.J. Fillmore, G. Lakoff, M. Johnson, M. Turner, L. Talmy, G. Fauconnier, З.Д. Попова, И.А. Стернин, Н.Н. Болдырев, Е.С. Кубрякова, А.П. Бабушкин, Д. С. Лихачев, С.Г. Воркачев, С.А. Аскольдов, С.Е. Никитина, В.З. Демьянков, Ю.Г. Панкранц, П.Г. Лузина, Г.В. Колшанский, С.А. Жаботинская, М. В. Пименова, Ю. С. Степанов, Ю.Н. Караулов, Н. Д. Арутюнова, Е.К. Кожина, Г.Г. Слышкин, А.А. Залевская, қазақ тіл білімінде көркем мәтін мәселелері Қ. Жұбанов, Е. Жанпейісов, Р. Сыздық, Ж. Дәдебаева, Г.А. Кажигалиева, М.К. Ахметова, Б. Момынова, тіл мен мәдениет байланысы Ә. Қайдар, Н.М. Уәли, Ж. Манкеева, А. Ислам, Г. Смағұлова, тіл мен таным мәселелері бойынша Б. Қасым, Г.Н. Зайсанбаева, С.Қ. Иманбердиева, Э.Н. Оразалиева, Г.Ш. Шахманова. А. Салқынбай, Н.М. Жанпеисова, М.Т. Даулетова, Б.И. Нұрдаулетова, М.Қ. Қанабекова, А. Әмірбекова т.б. ғалымдардың ғылыми тұжырымдары басшылыққа алынды.

Зерттеу дереккөздері. Зерттеу дереккөздері ретінде лингвомәдениеттану мен когнитивті лингвистика саласы бойынша жазылған зерттеулердегі ғылыми тұжырымдар және М. Әуезовтің «Көксерек» әңгімесі (27 бет, 1,7 баспа табақ), «Жетім» әңгімесі (8 бет, 0,5 баспа табақ), «Қаралы сұлу» әңгімесі (13 бет, 0,8 баспа табақ), «Қоғансыздың күні» (21 бет, 1,3 баспа табақ), «Қараш-Қараш оқиғасы» (75 бет, 4,6 баспа табақ), «Қилы заман» (155 бет, 9,6 баспа табақ) алынды. Жазушының жалпы 299 бет (18,7 баспа табақ) көркем мәтіні талдауға түсті. Аталған әңгімелер М. Әуезовтің «Әңгімелер мен хикаяттар» (2009) деп аталатын еңбегінен алынды. Әңгімелердің жазылу тарихы туралы ғылыми түсініктемелер жазушы шығармаларының елу томдық жинағының 3-томынан алынды. Көркем мәтіндегі концептілерді лингвистикалық талдауда қазақ тілінің түсіндірме сөздігі (2008), қазақ әдеби тілінің он бес томдық сөздігінің 5-томы (2011), фразеологиялық сөздік (2007), «Қазақтар ана тілі әлемінде»: этнолингвистикалық сөздігінің 2-томы (2013), қазақтың дәстүрлі атаулары: энциклопедиялық сөздік (2013), Қазақстан мифоантропонимдері (үш тілді иллюстрациялы мифосөздіктің 1-томы (2022), монографиялар (Н.М. Джусупов, А. Тойшанұлы, С. Қондыбай, Б. Бияров, Б. Ақбердиева, Г.Г. Гиздатов т.б.) пайдаланылды.

Зерттеу әдістері. Зерттеуде бақылау, салыстыру, жалпылау, талдау, қорытындылау сияқты жалпығылыми әдістер қолданылды. Лингвистикалық зерттеу әдістері ретінде сипаттамалық, компоненттік талдау, лексика-семантикалық талдау, өрістік әдіс, концептуалды талдау, оппозициялық әдіс, мәтіннен түгелдей теру әдісі, сандық-статистикалық талдау әдістері қолданылды.

Көркем мәтінді лингвомәдени аспектіде зерттеген еңбектерді басшылыққа ала отырып, көркем шығарманы лингвомәдени талдаудың кешенді үлгісін ұсынамыз: 1) шығарманың авторы және атауы туралы ақпарат; 2) шығарманың семиотикалық кеңістігін анықтау; 3) шығарманы лингвомәдени талдау; 4) автор идиостилін анықтау. Көркем шығарманы концептуалды талдау әдістемесі төмендегідей кезеңдерді қамтиды: 1) көркем мәтіннен тірек концептілерді анықтау; 2) тірек концептінің ұжымдық санадағы көрінісін айқындау; 3) концептінің семантикалық өрісін құру; 4) көркем мәтіндегі тірек концептіні жинау; 5) тірек концептіні талдау; 6) концептінің ұжымдық және авторлық дүние бейнесіндегі өзектелуін салыстыру, талдау.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Көркем шығарманы лингвомәдени аспектіде зерттеудің теориясы мен әдістемесі – тіл мен мәдениеттің өзара байланысына негізделген кешенді ғылыми бағыт. Көркем мәтінде жинақталған лингвомәдени бірліктер сол халықтың мәдени коды, менталдық кеңістігі, құндылықтар иерархиясы жайлы мағлұмат береді. Сондықтан көркем шығарма – тек эстетикалық туынды ғана емес, сонымен қатар мәдени-танымдық дереккөз ретінде бағаланады. Көркем мәтінді лингвомәдени талдаудың кешенді үлгісі ұсынылды: 1) шығарманың авторы және атауы туралы ақпарат; 2) шығарманың семиотикалық кеңістігін анықтау; 3) шығарманы лингвомәдени талдау; 4) автор идиостилін анықтау. Көркем шығарманы лингвомәдени талдаудың біз ұсынған кешенді талдау үлгісі – осы бірліктерді мәтін ішіндегі және мәдени мәнмәтіндегі орны мен қызметін талдау арқылы ұлттық болмысты тануға негізделеді. Осындай кешенді тәсіл арқылы ұлттық дүниетанымның көркем дискурстағы тілдік репрезентациясы нақтыланады. Көркем шығарманы лингвомәдени аспектіде зерттеу – ұлттық мәдениетті тіл арқылы танудың тиімді жолы.

2. Көркем шығарманы когнитивті аспектіде зерттеу – қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектік парадигмаға сай интегративті тәсіл. Бұл зерттеу тіл мен сана, мәтін мен мәдениет, автор мен оқырман арасындағы күрделі қатынастарды ашуға негізделеді. Когнитивті аспекті көркем мәтінді тек тілдік құрылым ретінде емес, адамның дүниетанымы, ұлттық менталитеті мен мәдени жады көрініс табатын семиотикалық және когнитивті кеңістік ретінде зерделеуге мүмкіндік береді. Көркем шығарманы концептуалды талдау әдістемесі төмендегідей кезеңдерді қамтиды: 1) көркем мәтіннен тірек концептілерді анықтау; 2) тірек концептінің ұжымдық санадағы көрінісін айқындау; 3) концептінің семантикалық өрісін құру; 4) көркем мәтіндегі тірек концептіні жинау; 5) тірек концептіні талдау; 6) концептінің ұжымдық және авторлық дүние бейнесіндегі өзектелуін салыстыру, талдау. Бұл тәсілдер М. Әуезовтің шығармаларында («Көксерек», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман», «Қорғансыздың күні») көрінетін мәдени символдарды, таным үлгілерін тануға жол ашады. Когнитивті тәсіл көркем мәтінді ұлттық-рухани мұра ретінде кешенді түсінуге жағдай жасайды, тіл мен мәдениеттің өзара сабақтастығын айқындап, көркем шығарманың семантикалық тереңдігін тануға мүмкіндік береді.

3. М. Әуезовтің «Көксерек», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман», «Қорғансыздың күні» шығармаларында қазақтың дүниетанымы мен мәдениетін көрсететін лингвомәдени кодтар өте көп кездеседі. Әсіресе кеңістік код пен зооморфтық код, заттық пен соматикалық кодтар сан жағынан басымдық танытты. Сонымен бірге рухани код, тамақтану мәдениетін білдіретін гастрономиялық код, уақыттық кодтар да анықталды. Қазақтың өлім-жетімге қатысты салт-дәстүрлері, аңшылық кәсібі, мал шаруашылығы кәсібі, қолөнер кәсіптері туралы да мәліметтер бар. Аталған лингвомәдени кодтар әртүрлі тілдік бірліктермен бейнеленген. Мәселен, сөздер, сөз тіркестері, фразеологизмдер, метафоралар, теңеулер, эпитеттер, етістікті тіркестер, сан есімді тіркестер т.б. Демек, аталған шығармалар халқымыздың мәдениетінің тілдік бірліктер арқылы вербалданған, лингвомәдени қауымдастықтың тілдік санасында тұрақтанған лингвомәдени кодтарды тауып, олардың мағынасын ашуға көмектесетін және ұрпақтан ұрпаққа осы кодты жоғалтпай жеткізетін көркем мәтін болып саналады.

4. Көркем мәтіннің когнитивті-семантикалық ұйымдасуы жазушының қандай лингвомәдени қауымдастық өкілі екендігімен анықталады, яғни көркем мәтіннің семантикалық кеңістігі сол тілдік жүйе арқылы бейнеленеді. М. Әуезов шығармаларындағы тірек концептілерге ұлттық-мәдени сипат тән, олар концептілердің ұғымдық, бейнелік, құндылық құрамдас бөліктері және олардың арасындағы жүйелі байланыстар арқылы көрінеді. Көркем мәтіндердегі тірек концептілерді бейнелейтін тілдік бірліктердің ауқымдылығы синонимдік, антонимдік қатарлар, оң және теріс бағалауыштық лексикалар, табу мен эвфемизмдер, фразеологизмдер, қарғыс мәнді сөздер, мақал-мәтелдер, метафоралар мен эпитеттер, теңеулер арқылы анықталады.

5. Көркем шығармадағы ұлттық дүние бейнесі мен авторлық дүние бейнесінің көрінісі жалпы және жеке белгілермен ерекшеленеді. Көркем шығармадағы ұлттық дүние бейнесі этностың санасында ғасырлар бойы қалыптасқан тірек концептілерді бейнелейтін тілдік бірліктер арқылы айқындалады. Автордың өзіне тән идиостилі әртүрлі семантика-стилистикалық құралдардың қолданысы арқылы көрінеді. М. Әуезовтің идиостилі тірек концептілердің мәнмәтіндік қолданысынан, әңгіменің атауы ретінде архетип-символдарды таңдауынан, аймақтық лексиканы, ұлттық ерекшелікті бейнелейтін сөздерді, түрлі стилистикалық тәсілдерді, риторикалық сұрақтар мен үндеулерді, күрделі синтаксистік құрылымдарды, қайталаулар мен топтың түрлерін, дискурсивті стратегия мен тактиканы шебер қолданысымен айқындалады.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы. Зерттеу нәтижелері бойынша мынадай қорытындылар жасалды: 1) Концепт және оның түрлері лингвомәдениеттану мен когнитивті лингвистиканың зерттеу нысаны болып саналады; 2) Көркем мәтінді лингвомәдени талдаудың кешенді үлгісі ұсынылды; 3) М. Әуезовтің «Көксерек», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман», «Қорғансыздың күні» шығармаларында әр түрлі тілдік құралдар арқылы қазақ халқының салт-дәстүрлерін, тұрмысын, қолөнері мен

дүниетанымын бейнелейтін лингвомәдени кодтардың алуан түрлілігі анықталды;

4) көркем мәтіннің когнитивтік-семантикалық ұйымдастырылуы негізгі концептілердің ұлттық-мәдени ерекшелігімен және олардың жүйелік байланыстарымен айқындалатыны анықталды; 5) М. Әуезов шығармаларында тірек концептілердің күрделі көп қабатты құрылымы бар және тілдік бірліктердің ауқымдылығымен көрінетіні көрсетілген; 6) ұлттық дүние бейнесі мен авторлық дүние бейнесі арасындағы өзара байланысқа салыстырмалы талдау жүргізілген.

Алынған нәтижелердің жаңашылдығы мен маңыздылығының негіздемесі. Диссертациялық зерттеуде алғаш рет М. Әуезовтің («Көксерек», «Жетім», «Қаралы сұлу», «Қараш-Қараш оқиғасы», «Қилы заман», «Қорғансыздың күні») шығармалары лингвомәдениеттану мен когнитивті лингвистиканың зерттеу әдіс-тәсілдерін қолдана отырып зерттеуге ұмтылыс жасалды.

Зерттеуде көркем мәтінді лингвомәдениеттану мен когнитивті лингвистика ғылымдарының теориясы мен әдістемесі мәселелеріне арналған еңбектерге шолу жасалып, негізгі ғылыми тұжырымдар басшылыққа алынып, диссертацияға қатысты сұрақтар мен зерттеу бағыттары айқындалды.

Зерттеу барысында концепт, тілдік концепт, көркем концепт, мәдени концепт ұғымдарының анықталуы зерделенді, аталған терминдер салыстырылды, талданды, нәтижесінде өз тарапымыздан анықтауға талпындық. Жұмыста көркем мәтінді лингвомәдени және когнитивті аспектіде зерттеудің теориясы мен әдіснамасына талдау жасалды, ғалымдардың тұжырымдары салыстырылды, сыни талдаулар жасалды. Диссертацияда көркем шығарманы лингвомәдени аспектіде зерттеу мен когнитивті аспектіде зерттеудің аражігі анықталды. Көркем мәтінді лингвомәдени аспектіде зерттеудің әдістемелік үлгісі ұсынылды. Сонымен бірге когнитивті аспектіде зерттеудің әдістемелік қадамдары анықталды.

Көркем шығарманы лингвомәдени талдауда мәдени кодтарды анықтауға, сол мәдени кодтар бейнеленіп тұраған тілдік бірліктердің семиотикалық кеңістігі талданды. М. Әуезовтің әңгімелері ұлттық-мәдени ерекшелікті анықтайтын тұтас семиотикалық кеңістік екені анықталып, ол бірнеше мәдени кодтардың жиынтығынан тұратыны, өз кезегінде мәдени кодтар мәтінде әртүрлі тілдік деңгейдегі лексикалық бірліктер арқылы көрініс табатыны дәйектелді. Әрбір мәдени концептінің астарында қазақтың ұлттық-мәдени кодының мазмұны бар екенін лингвомәдени кешенді талдау анықтады.

Көркем мәтіннің когнитивті-семантикалық ұйымдасуы анықталып, М. Әуезовтің әңгімелеріндегі тірек концептілерге лингвокогнитивті талдау жасалынды. Жазушы шығармаларындағы символдарды лингвокогнитивті талдау олардың негізінде жалпыадамзаттық әмбебап ұғым-түсініктер мен ұжымдық санада қалыптасқан ұлттық-мәдени бейнелер жатқандығын көрсетті. Сонымен бірге көркем мәтіндегі символдардың қолданысында авторлық ерекшеліктер де болатынын анықтады.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы. Зерттеу нәтижелері

лингвомәдениеттану, когнитивті лингвистика, мәтін теориясы, көркем мәтінді талдаудың теориясы мен әдістемесін толықтыруға өз үлесін қосады. Өйткені жазушының зерттеу нысанына алынып отырған әңгімелері тіл білімінің антропоэзектік парадигмасы аясында алғаш талданып отыр. Зерттеу барысында көркем мәтінді лингвомәдени және когнитивті аспектіде зерттеуге ұсынған әдістемелік үлгілер көркем шығарманы антропоэзектік зерттеуге бағытталған болашақ ізденістерге пайдасы болары анық. Көркем мәтінді аударуда, шет тілді аудиторияларда мәтінді талдауда, шет тілдерін үйретуде зерттеудің теориялық тұжырымдары пайдалы болады.

Зерттеудің практикалық мәні. Зерттеу жұмысында талданған тілдік бірліктерді сөздік жасау ісінде, оқу үдерісінде, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік кешендерді толықтыруда пайдалануға болады. Көркем мәтінді лингвомәдени және лингвокогнитивті талдау үлгілерін оқу үдерісінде, ғылыми зерттеулерді жүргізу барысында басқа көркем шығармаларды талдауда еркін қолдану мүмкіндігі бар. Зерттеу нәтижесінде алынған талдау нәтижелері көркем мәтінді түсінуге, лингвомәдени кодтың кілтін ашуға ықпал етеді. Зерттеу барысында қол жеткізген ғылыми тұжырымдарымызды дипломдық, магистрлік, докторлық диссертациялар, монографиялар мен оқу құралдарын жазу барысында негізге алуға болады.

Зерттеу апробациясы. Зерттеудің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары отандық және шетелдік ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары оқу орындарында талқыланды: «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің XIX халықаралық ғылыми конференциясында (Ақтөбе қаласы, 12 сәуір 2023 жыл), «Филологические науки: состояние, перспективы, новые парадигмы исследований» атты VI халықаралық ғылыми конференциясында (Уфа қаласы, 23 қараша 2023 жыл), «Современная лингвистика: ключ к диалогу» атты IV Казань халықаралық лингвистикалық саммитінде (Казань, 13-15 желтоқсан 2023 жыл), «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің XX халықаралық ғылыми конференциясында (Ақтөбе қаласы, 12 сәуір 2024 жыл), «Актуальные проблемы теоретической и прикладной филологии» атты XII халықаралық ғылыми конференциясында (Уфа қаласы, 25 сәуір 2024 жыл), «ĞYLYM JÁNE BİLİM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX халықаралық ғылыми конференциясында (Астана қаласы, 12 сәуір 2024 жыл), Қ.Қ. Жұбановтың 125 жылдығына орай «Жұбанов тағылымы» атты дәстүрлі XI халықаралық конференциясында (Ақтөбе қаласы, 1 қараша 2024 жыл), «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің XXI халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясында (Ақтөбе қаласы, 14 сәуір 2025 жыл), жасалған баяндамаларда көрініс тапты.

Зерттеудің жарияланымы мен мақұлданыуы:

Диссертацияның негізгі бөлімдері бойынша он бір мақала жарияланды.

Scopus ғылыми деректер базасына кіретін журналдарда жарияланған

еңбектер:

1. Linguocultural and cognitive Images of Characters in Mukhtar Auezov's Literary Works / Eurasian Journal of Applied Linguistics. Vol. 1 No. 1, 2025. Процентиль 85%, Q1.

<https://ejal.info/menuscript/index.php/ejal/article/view/993/362>

ҚР ҒжЖБ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда жарияланған еңбектер:

1. Stylistic Features of Linguistic and Cultural Units in the Original Texts of M.Auezov's Works and Their Translations / Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. – 2023. – № 4 (71) – Р. 281-292. <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/868/355>

2. Әуезов прозасындағы авторлық концептосфераның бейнелену ерекшеліктері / Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы. – 2024. - №2 (147) – Б. 108-116 <https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/744/526>

3. М. Әуезов шығармашылығындағы лингвокогнитологиялық бірліктердің типологиясы / Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің Хабаршысы. – 2024. - №3 – Б. 116-127 <https://vestnik.kgu.kz/index.php/kufil/article/view/109/25>

4. «Қилы заман» повесіндегі кейіпкерлердің лингвокогнитологиясы / Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы – 2025. - №1 – Б. 217-229 <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz/index.php/j1/article/view/1415/508>

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

Халықаралық конференциялардың жинақтарында жарияланған еңбектер:

1. The concept of language and culture as a unit of linguistic research. VI Международная научная конференция «Филологические науки: состояние, перспективы, новые парадигмы исследований». РФ Уфа, РИЦ УУНиТ– 2023. – Р. 7-11.

2. Concept as a unit of linguistic and cultural research. Международная научная конференция «Современная лингвистика: ключ к диалогу» в рамках Казанского международного лингвистического саммита. – 2023. – Р. 480-482

3. М. Әуезов шығармаларының лингвомәдени және психологиялық ерекшеліктері. «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD докторанттар, магистранттар мен студенттердің XX халықаралық ғылыми конференциясының материалдары 12 сәуір 2024. – Б. 182-184

4. М. Әуезов шығармаларының лингвомәдени және когнитивті ерекшеліктері. «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы, Астана, 12 апреля 2024. – Б. 3118-3120

5. М. Әуезов шығармаларында лингвомәдени және лингвокогнитологиялық бірліктердің қолданылу ерекшеліктері. «Жұбанов тағылымы» XI Халықаралық конференция, Ақтөбе, 1 қараша, 2024. – Б. 208-213

6. Мәтінді талдаудың когнитивті әдісі (М.Әуезовтің шығармалары негізінде). «Жастар, ғылым және инновация» атты жас ғалымдар, PhD

докторанттар, магистранттар мен студенттердің ХХІ халықаралық ғылыми конференциясының материалдары 14 сәуір 2025. – Б. 290-293

Зерттеудің құрылымы мен көлемі. Диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды және пайдаланған әдебиеттер тізімінен, анықтамалардан тұрады. Зерттеудің нәтижелері 18 кестеде, 5 суретте көрініс тапты. Пайдаланылған әдебиеттер тізіміне 159 атау енді. Ғылыми жұмыстың жалпы көлемі 134 бетті құрайды.

Диссертациялық зерттеу жұмысы тіл білімінің когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттану, дискурсология сияқты өзекті саласының даму бағыттарына және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 16 қазандағы №914 қаулысы. «Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы».

Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 13 қыркүйектегі №659 Жарлығы. Мемлекет басшысының 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – бұл нық елдің өркендеуінің негізі» (17.04.2023 ж. толықтырулармен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. "Ұлттық рухани жаңғыру" ұлттық жобасын бекіту туралы: 2021 жылдың 12 қазанда, №724 бекітілген.

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы // Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысы.

Докторанттың ғылыми зерттеу бойынша әр жарияланымды дайындаудағы үлесі. Диссертацияның барлық көлемін, зерттеу әдісін таңдауды және зерттеу мақсатына сай міндеттерді шешуді, зерттеу бойынша жарияланымдарды дайындауды автор өз бетінше орындады. Докторант ғылыми зерттеу бойынша жарияланған еңбектердің теориялық тұжырымдарын жасауға, практикалық материалдарды талдауға қатысты. Зерттеу тақырыбына сай тапсырмалар беру мен алынған нәтижелерді талқылау ғылыми кеңесшілермен бірлесіп жүргізілді.